

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Грек Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы" Жарлығының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 1426 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қазақстан Республикасы Президентінің "Грек Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы" Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ  
ЖАРЛЫҒЫ Грек Республикасында Қазақстан Республикасының  
Дипломатиялық миссиясын ашу туралы**

Қазақстан Республикасының халықаралық және ұлттық мүдделерін ескере отырып, әр түрлі салалардағы қазақстан-грекия ынтымақтастығын нығайту және дамыту мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Афины қаласында (Грек Республикасы) Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясы ашылсын.
2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*